



ХҒТАР 17.07.31

Ғылыми мақала

А.Ә. Маликова^{1*}, Т.Қ. Омар², Д.Н. Байғұтова³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

^{2,3} Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: ¹akjaiyk_91@mail.ru*, ²togatai@mail.ru, ³dinar_1378@mail.ru)

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аңдатпа. Ғылыми мақалада қазақ поэзиясының көрнекті ақыны Жұбан Молдағалиевтің 1960-1990 жылдар аралығындағы шығармалары зерттеу нысаннына алынып, ондағы ұлттық құндылықтар арнайы қарастырылады. Ақынның сол кезеңдегі шығармалары арқылы қазақ руханиятына қосқан үлесі сөз болады. Халқымызға тән мінез, бітім - болмыстар, яғни ұлттық құндылықтар негізі көріктеу құралдар мен бейнелі сөздер аясында ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты зерделенеді. Ақын поэзиясы саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, азаматтық лирика, табиғат және махаббат лирикасы сынды тақырыптық - жанрлық түрлерге бөлінетіндігі сөз етіліп, кейде тіпті бірнешеуі өзара тоғыса келіп, бір туындының аясында көрініс табуы мысалдар негізінде дәлелденеді. 1960 - 1990 жылдар аралығындағы ақын поэзиясы бұрынғысына қарағанда сөз саптау үлгісі мен тілдің айшықты ажары жағынан байи түскені, ойы салмақтанып, ұлттық құндылықтарға қатысты философиялық пайымы тереңдеп, өзінің дара қолтаңбасын, стильдік ізденістерін барынша таныта түскендігі де айқындалады. Жұбан Молдағалиевтың өлеңдері мен поэмаларындағы отансүйгіштік, туған ел мен жерге деген құрмет, ата-баба ғұрпын, сат-дәстүрін дәріптеу, туыстық қарым-қатынас пен бауырмалдылық, адал достық, қонақжайлылық, ата-анаға, әйел затына, қарындасқа, үлкен-кішіге деген ізет, яғни діни тұрғыдағы мұсылмандық имандылық қасиеттер, ана тілінің құдіреті, діл ұғымына саятын ұлттық құндылықтар көрініс тапқан. Мақала барысында ақынның азаматтық тұлғасы, өзіндік «Мені», лирикалық кейіпкер ретіндегі бітім-болмысы айқындалып, қазақ поэзиясындағы тұғырлы орны тың сипатта, жаңа көзқараста зерделенеді.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, поэзия, дәстүр, тарихи сана, батырлық бейне, көркемдік тәсілдер, ұлттық мінез

Түсті: 26.06.2025; Жөнделді: 13.10.2025; Мақұлданды: 20.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

Кіріспе

XX ғасырдың екінші жартысы – кеңестік жүйенің идеологиялық қысымына қарамастан, қазақ қаламгерлері ұлттық мүддені көркем сөзбен жеткізген кезең. Бұл дәуірде ұлттық әдебиет пен мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосып, өзінің шығармашылық жолында туған халқының болмысы мен рухын, елдік мұраттарын көркемдік тұрғыдан терең бейнелеп, замана шындығын, уақыт сынының күрделі қалтарыстарын барынша сезіне отырып, ұлт тарихы, тілі, діні, ділі сияқты өзекті мәселелерді астарлап жеткізген көрнекті ақындардың бірі әрі бірегейі – Жұбан Молдағалиев. Оның өлеңдеріндегі ұлттық болмыс бейнесі – қазақтың ерлік жолы, батырлық рухы, елге, жерге деген сүйіспеншілік, ана тілі мен ата салтына, әдет-ғұрпына деген адалдық, құрмет сияқты биік ұғымдар аясында көрініс тапты.

Ақынның «Мен қазақтың» поэмасы осы бағыттағы шығармашылық ізденістерінің шарықтау шегі болды. Бұл шығармада ол тұтас ұлттың рухын көтеріп, тарихи жадыны жаңғыртты, сонымен қатар ұлттық мақтаныш сезімін оятты. Сондай-ақ, ақын шығармаларынан ұлттық мінез, тұрмыс-салт, табиғат пен адамның өзара қарым-қатынасы, диалектикалық байланысы, дәстүр мен уақыт сабақтастығы айқын аңғарылады. Жоғарыда сөз еткеніміздей лириканың жанрлық тақырыптарының бірнешеуін осы шығарманың бойына тоғыстырған.

Сонымен қатар оның шығармашылығы – тұтас бір ұрпақтың сана-сезіміне ұлттық құндылықтардың өскелең дәнін сеуіп, оны қайта түлетіп, жаңғырту арқылы тәрбиелейтін баға жетпес рухани мұра болып табылады.

Жұбан Молдағалиевтың 1960-90 жылдар аралығындағы поэзиясы ұлттық идея мен өркениеттік сана, тарихи шындық пен рухани еркіндік тақырыптарымен терең астасып жатыр. Бұл кезеңде ақынның шығармашылық әлеуеті жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, оның қаламынан туған әрбір туынды халықтың өткеніне барлау жасап, сананың сүзгісінен өткізіп, танымның таразысына сап, болашаққа сеніммен қарауға жетеледі. Ақын поэзиясында ұлттық болмыстың мәйегі – ата-баба ерлігі, туған жерге деген сүйіспеншілік, ана тіліне деген құрмет, рухани тамыр мен сабақтастық көркемдік шындықпен өріліп берілген.

Зерттеу әдістері

Мақалада әдеби талдау мен салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Ақын шығармаларының мазмұны мен құрылымы сипаттамалық әдіспен зерттеліп, ұлттық құндылықтарды танытатын образдар мен тақырыптар талдауға алынды. Сонымен қатар мәтіндік және поэтикалық құрылымға семантикалық талдау жасалды. Жұбан Молдағалиев шығармашылығының көркемдік ерекшеліктерін айқындау мақсатында тарихи-мәдени контекстер де назарға алынды. Зерттеу барысында қазақ әдебиеттану ғылымындағы классикалық заманауи тәсілдер басшылыққа алынып, поэтикалық мәтіндерге көпқырлы талдау жүйесі арқылы сараптау жүргізілді.

1. Тарихи-әдеби әдіс. Бұл әдіс арқылы ақын шығармаларының жазылған кезеңі мен сол уақыттағы тарихи әлеуметтік жағдайлар арасындағы байланыс қарастырылды. Жұбан Молдағалиев поэзиясы 1960-90 жылдар аралығындағы қоғамдық өзгерістермен сабақтастырыла отырып, ұлттық идеяның дамуына әсер еткен тарихи факторлар тұрғысынан талданады.

2. Көркемдік талдау әдісі (поэтикалық талдау). Бұл әдіс арқылы ақынның поэзиясындағы бейнелеу құралдары, троптар мен стильдік тәсілдері, тіл ерекшеліктері

анықталып, олардың ұлттық құндылықтарды айқындап жеткізудегі көркемдік қызметтері зерделенді.

3. Мазмұндық-идеялық талдау әдісі. Бұл тәсіл арқылы шығармалардағы негізгі идеялар мен рухани-ұлттық құндылықтар (елге, жерге деген сүйіспеншілік, тарихи сана, тіл мен дәстүрге адалдық, ұлттың рухани бірлігі) айқындалып, оладың ақын поэзиясында қандай формада және қаншалықты тереңдікпен көрініс тапқаны талданады.

4. Салыстырмалы әдіс. Аталмыш әдіс арқылы Жұбан Молдағалиев дәріптеген ұлттық құндылықтардың І. Жансүгіров, М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев және т.б. ақындар шығармаларымен салыстырыла отырып, оның поэтикалық ерекшелігі мен даралық сипаты айқындалды. Соның нәтижесінде Жұбан ақын поэзиясының ұлттық әдеби кеңістіктегі орны мен ықпалы да бағаланды.

5. Контекстуалды әдіс. Ақын поэзиясында кездесетін ұлттық ұғымдар мен бейнелердің мәдени-рухани контекстегі сипатына көркем талдау жүргізілді. Бұл тәсіл арқылы «ұлт», «ел», «жер», «тіл», «тарих» ұғымдарының концептуалдық қызметі айқындалды.

Жоғарыдағы аталған әдістердің біртұтас үйлесімді қолданылуы Жұбан Молдағалиев поэзиясындағы ұлттық құндылықтарды терең әрі жан-жақты ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Жұмыста қолданылып, талданған материалдардың теориялық қорытындылары мен тұжырымдарын Жұбан Молдағалиевтың шығармаларын зерттеуде, қазақ әдебиеті курсын жасауда, ақын шығармашылығына қатысты арнайы курстарды оқыту барысында пайдалануға болады.

Жұбан Молдағалиевтың поэзиясы – қазақ халқының рухани болмысын, тарихи жадын, тілін, дәстүрін дәріптеп, жаңғыртуға арналған көркемдік құбылыс. Оның 1964 жылы жарық көрген «Мен – қазақпын» атты поэмасы ұлттық мақтаныштың көркем үлгісі ретінде қазақ әдебиетінде ерекше орын алуымен қатар, ақын даңқын әлем әдебиетіне де танытқан шоқтығы биік туынды. «Ақын санасында сан жылдар қорытылып келген, бүкіл алаш жұрты жылы қабылдаған «Мен – қазақпын» поэмасын Ж. Молдағалиев шығармашылығының азаматтық сарындағы шоқтығы биік туындысы деуге болады» (Секей & Аманғазықызы, 2022). Мұнда ақын ұлттық ерекшеліктерді, ерлік дәстүрді, туған жер мен елдің байлығы, өткен тарихы мен бүгіні жайлы көркем ой өрбітіп, суретті сөзбен кестелеп, асқақ сезіммен толғана жырлаған.

Белгілі ғалым С. Қирабаев «Азамат үні» деген еңбегі мен сыншы Бақыт Сарбалаевтың «Дархан дастан» мақаласында осы шығарманың композициялық құрылымы мен сюжеттік желісі, көтерген тақырыбы мен идеялық мұраты, көркемдік табиғаты түгелдей талданған. С. Қирабаев поэманы монолог түрінде жазылғанын сөз етсе, Б. Сарбалаев публицистикалық сарыны басым екендігін дәлелдейді. ««Мен - қазақпын» таза публицистикалық шығарма, поэмадағы оқиға шығарма негізіне арқау болған лирикалық кейіпкердің атынан баяндалады» дегенді әдебиеттанушы М.Базарбаев (1995) та қостайды. Сонымен қатар ғалым С. Қирабаев (1998) поэма және оның авторы туралы: «Жұбан Молдағалиев ұлттық поэзияның өрісін кеңейтті. «Мен – қазақпын» – ұлттық рух пен тарихи жадыны жаңғыртқан поэма. Онда қазақ халқының тағдыры мен ерлігі жырланады, бұл туынды – рухани ұран» деп өзінің жоғары бағасын берген.

Расында ақынның аталмыш поэмасы – ұлттық құндылықтардың киесіне айналған рухани «тайқазан» десек болады. Оның лирикалық кейіпкер атынан баяндалатынын әрі

публицистикалық сарыны басым екендігін ескере келе «лирикалық-публицистикалық» поэма деген тұжырымға тоқтауымызға әбден болады.

Ақын поэмадағы «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» (Жұмабаев, 2010) деген сөз оралымының өзінде – тұтас ұлттың өткен тарихын тарының қауызына сыйғызғандай жинақтап, оның қайсарлық, төзімділік пен сабырлылық мінез құндылықтарын да айшықтап, қазақ елі – «Мәңгілік ел» екендігін танытқан. Бір ғана өлең жолының бойына осынша терең ой, тарихи шежіре сыйғызу – Жұбан ақынға ғана тән ерекшелік.

Ақының азаматтығы лирикада ғана суретті сөзге айналып қоймай, оның сол тұлғасы, сол болмысы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты биік мінберден: «Мен – қазақпын. Өз халқымды мақтан етемін. Маған оның көп қатпарлы тарихы қымбат, ал оның бүгінгі күні одан да қымбат» (Ералыұлы, 1996) деп сөйлеген жалынды сөздерінен қайтпас қайсарлығы, өз ұлтын жан-тәнімен сүйетін ұлтшылдығы айқын көрінеді.

Ақын «Қазақ тілі» (1980) өлеңінде ана тілі мәселесін аса саясиандырмай, рухани әрі адами тұрғыдан қозғауға күш салған. Ана тілін ұлттың жаны мен ар-намысы ретінде қарастырады:

«Өз тілім – менің өзегім»,
Өзгеге оңай бермеймін...»

Осы орайда әдебиеттанушы ғалым З. Ахметов (1973): «Жұбанның тіл толғаныстары ұлттық рухани мұраны сақтап қалудың күреске айналғанын көрсетеді. Ақын ана тілін тарихи жад пен ұлтты біріктіруші күш ретінде танытады» дейді. Бұл өлең арқылы ақын кеңестік ассимиляция саясатына поэтикалық тілмен қарсылық білдіреді. Ұлттық құндылық ретінде тілінің киелілігі мен тарихи маңызын ерекше көтереді.

1966 жазылған «Сел» поэмасы сыртай табиғи апатты сипаттағандай көрінгенімен, астарында ұлттық бірлік, халықтың қиындықты біріге еңсеруі, кеңестік жүйедегі қарапайым еңбек адамының қайраты және елдік сана көрініс тапқан. Ақын табиғи апатты – халық рухының сынағы ретінде бейнелеген.

Ө. Тәжібаев бұл жөнінде: ««Сел» поэмасы – Жұбанның эпикалық поэзиясындағы биік табысы. Ол әлеуметтік қақтығыстарды ұлттық мінез арқылы аша отырып, қазақ қауымының ынтымағын суреттейді» (Тәжібаев, 1982). Демек, поэмада ұжымдық рух, жаппай ынтымақ, халықтың бірлігі, бауырмалдылық – ұлттық құндылық ретінде сипатталған. Ақын өз заманына тән оқиғаны пайдалана отырып, ұлттық мінезге тән ерекшелікті соның аясында суреттеген.

Жұбан Молдағалиевтың «Жер туралы жыр», «Туған өлке», «Атамекен», «Туған жер», «Тек қана туған жерден айырмағай», «Саржайлау», «Қыран дала» сынды 1970 - 80 жылдары шыққан өлеңдерінде табиғатты суреттеп, пейзажды образ арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік, елге адалдық, тарих алдындағы жауапкершілік, ата-баба рухына тағзым, перзенттік парыз сияқты азаматтық мінез қасиеттері желідей тартылып, ұлттық құндылықтардың жаршысы әрі ұйытқысы ретінде өзінің өмірлік миссиясын танытқан.

Ақынның «Қыран дала» (1974) поэмасы кезінде КСРО мемлекеттік сыйлығына ие болған. Жоғарыда сөз еткен «Мен – қазақпын» дастанындағыдай туған елінің кешегісі мен бүгінін, туған даласы басынан кешірген қасірет пен шаттықты қатар өріп, психологиялық параллелизм тәсілімен ұлттық ұғымға сай символдық астармен үйлесімді бейнелеген.

І. Жансүгіровтің «Дала» поэмасы, Қ. Мырза Әлидің «Дала дидары», М. Мақатаев «Мен таулықпын» деген сияқты жырларымен Жұбан ақынның «Қыран дала» және «Мен – қазақпын» поэмалары өзара үндесе келіп, барлығы да қазақ елінің дархан жатқан жерін, даласын символдық бейне ретінде алып, оған құр тамсанбай, киелі топырақтың

тыңшысындай өткеніне көз жіберіп, тарих қойнауларынан сыр шертіп, ұлылардан жеткен дүбірдің үнін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, болашаққа аманаттауды мақсат тұтқанын аңғаруға әбден болады.

«Уа, менің байтақ далам, жалпақ далам,

Төсінді мал таптаған, жан таптаған...

Сен менің табанымда жатқан кезде

Аспанның өзі де тар қалпақ маған!» – деп Қадыр ақын туған даласына деген сүйіспеншілігін танытуда аспанның өзін онымен салыстыруда литотаға айналдырып, қалпақтан да тар етіп көрсетсе, Жұбан Молдағалиев:

«Дала – қазақ бесігі,

Дала – қазақ есімі

Немесе

Дала, дала, дала – емсіз ғашығым,

Жырлап өтем кең жазира ашығын», -

деп символизммен ажарлап, астарлы оймен жеткізіп, енді бірде айқындаулар арқылы ұлттық бояуы қанық көркемдік тәсілдердерді құбылта қолдана отырып, ел мен жер, отансүйгіштік сынды құндылық негіздерін оқырманының жүрегіне жеткізіп, санасына сіңіреді, ұлтшылдық рухын оятады. Әу баста айтқанымыздай махабат лирикасы, азаматтық лирика, табиғат лирикасы, философиялық лирика да атқарататын жүктің салмағы біз сөз еткен ақындардың бір ғана жырының бойына тоғысып, «теп-тегіс, жұмыр келген айналасы» деп Абай айтқандай, бүтін бір дүниені құрап тұр.

«Жер мен әйел» (1965), «Мен қазақ әйеліне қайран қалам» (1965) атты өлеңдерінде қазақ әйелінің тағдыры туралы бабасымен сырласуға құрылған. Ақын әйел туралы кертартпа ескі ұғымдарға дау айтады. Әйел-анаға деген халықтық көзқарасты дәріптейді. Тағдырдың тәлкегіне көне жүріп, әдебі мен адалдығын сақтаған жар өнер қуса ешкімнен кем түспеген Сара мен Диналар, ешкімнен де ерік күтпей өз ерлігімен өзін сыйлатқан халық анасы – әжелер ақын толғанысына негіз де, дәлел де бола алған. Ақын әйелді тіршіліктің өзегі - киелі жермен, Жер - Анамен ғана теңдестіреді. Адамзатты көтеріп, ілгері жетелеп келе жатқан әйел – ана қызметін суреттейді. Жердің жаңаруы мен әйел-ананың жаңа өмірі бұл өлеңдерде тарихи нақтылықпен алынады. «Алып та анадан туады», «Отбасы ошақ қасының ұйытқысы – Ұмай ана», «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» немесе ұлт тілінің өзі қазақта «Ана тілі» деп «Ана» атымен аталуы біздің халықта ғана кездесетіні, ол да ұлттық ерекшелігіміз бен құндылықтарымыздың негізі екенін анық аңғартқандай. Осыдан болар кезінде заңғар жазушы М.Әуезов те «Адамдық негізі - әйелде» деп алғашқы мақаласын арнауы.

Ежелден қазақ халқы «Түбім – түрік, түлігім – жылқы» деп арғы ата тегінен келе жатқан жеті қазынаның бірі әрі бірегейі – жылқы малын ерекше қастерлеп, қадірлейтінін білеміз. Тұлпар ұғымы – түркі жұртының мифологиясында аңызға айналған қанатты немесе аспандық тұлпар ретінде бізге жеткен. Ол грек Пегасы сияқты. Мұндағы Пегас деп отырғанымыз – ежелгі грек мифологиясындағы ұшатын қанатты ат. Ол мифтік аңыздағы Персей өлтірген Горгон Медузасының денесінен туған жылқы. Қанатты аттың әкесі Посейдон, теңіздегі құдіретті және ұлы құдай, Пегас мұхиттың жарықтандыруында пайда болған деген мифтік түсінік бар. Сондықтан ол грек тілінде «дауыл» дегенді білдіреді.

Бұл мифтік жаратылыс Қазақстан мен Башқұртстанның мемлекеттік рәміздерінде айқын бейнеленген. Тұлпардың шығу тегіне келсек, Орталық Азия халықтарының аңшылық дәстүрлерімен тығыз байланысты, олар жылқыларды қыран құстармен қатар

пайдаланған. Уақыт өте келе, бұл екі жануар адам қиялында бірігіп, қанатты тұлпар бейнесі ретінде көрініс тауып отырған. Осы орайда Жұбан Молдағалиевтің «Қанат туралы толғауында» (1962):

Ұшқан құс жайлы сөз болса
Ұмытып қазақ шәй, асын,
Теңейтін тілі қозғанша

Тұлпар мен Қорқыт маясын» (Молдағалиев, 2013), - деп жырлауы да Қамбар ата тұлғи көшпелілер тіршілігімен тікелей байланысты болғандықтан, жылқыға алуан түрлі мифологиялық және ертегілік қасиеттерді дарыта отырып, оларды мифтердің, ертегілердің, аңыздар мен батырлық жырлардың кейіпкерлеріне айналдырған. Әлбетте, қанатты аттардың қиял-ғажайып бейнелері, сиқырлы қанатты хайуаны жайлы наным-түсініктер өте ерте замандарда-ақ пайда болған. Мысалы «Қобыланды батыр» (Ақсауыт) жырында:

«Тұлпар туған
Бурылдың қолтығында бар қанат...» делінген.

Тұлпарлардың қанатты боп келуі олардың Жоғарғы Әлемге қатыстылығын әйгілейді. Олар Жоғарғы Әлемнің өкілдері ретінде көптеген сиқырлы қасиеттерге ие ретінде мифтік аңыздарда бейнеленеді. Мысалы, «Керкұла атты Кендебай», «Делдаш батыр» (Алпысбаев, 1988) ертегілерінде ат басты қаһарманына құйрығының немесе жалының бір тал қылын беріп, өзі көзден ғайып болады, дәл керек кезінде батыр осы қылды тұтатып, оны әп-сәтте шақырып ала алатынын білеміз. Олардың осындай сиқырлы қасиеттерін Самұрық құстың кереметімен салыстыруымызға да болады. Онда қаһарман оның қауырсын жүнінің бір талын тұтатса, құс жәрдемдесуге жан дәрмен болып ұшып келеді.

Әп-сәтте ғайып болу немесе әп-сәтте ғайыптан сап ете түсу қасиеті қанатты аттардың басқа әлемдерге де сапар шегуге қабілеттілігін танытады.

«Самолет – қанат алды енді»,
Мінгендей дию періні.
Шабандап о да қалды енді

Туған соң Жер, Күн серігі» (Молдағалиев, 2013).

Ақын мұнда тұлпармен кіндігі байланған халқымыздың ата дәстүрі, ғұрыптары, наным-сенімдері мен жөн-жоралғыларының заман ағымына қарай көмескі тартып, технократтық кезеңнің белең алып жатқанын тілге тиек етудің астарында ұлттық құндылықтардан қол үзіп, ажырап қалмау қажеттігін ескертіп, алаңдаушылығын білдіріп жатқандығын аңғару қиын емес. Ақынның әсіресе, бұдан басқа «Сабан той» (1963), «Бәйге» (1964), «Саржайлау» (1965), «Ат дүбірі» (1968), «Шопан» (1969), «Салт пен мода» (1969) сынды жырларынан қазақ халқының тарлан тарихының тереңіне үздіге үңілгенде де тәнті болатынымыз – бабаларымыздың елін, жерін қорғап, ата жауымен алысқандығы қанды көйлек жолдасы, арқа-жарқа болып, алқа-қотан көшіп, ақ түйенің қарны жарылып саят-салтанат құрғандағы қызығы, сәнінің көркі, осы - күмбірлеген күліктер екенін анық байқаймыз. Даңқын аспандатқан кемеңгер қолбасшы Күлтегіннің Боз аты, Қара қыпшақ Қобыландының Тайбурылы, Алпамыс батырдың Байшұбары, Ер Тарғынның Тарланы жадымызда қайта жаңғыратыны да сөзсіз.

Осы бір қасиетті тұлғидің қазақ халқы үшін орны, маңызы ерекше. Жылқы қазақтың ұлттық сана-сезім, рухани болмыс, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен өнерінің тұтас бір айырылмас бөлігіне айналып кеткен. Демек, қазақ үшін жылқы тектіліктің бірден бір нышаны болып саналады. Бұлай өзінің жаратылысына жылқыдан ұқсастық іздеу –

тек қазаққа ғана тән қасиет әрі бұл – қазақтың осы түлікке деген аса жоғарғы құрметінің белгісі. Қазақ ат десе ішкен асын жерге қояды. Жылқының дүбіріне, күліктің күмбіріне құлақ қойып, елең етпес қазақ баласы сірә да жоқ. Жер бетінде жаратылысынан табаны жер иіскемеген бекзат бір халық болса, сол қазақ болу керек. Қазақтың ең кедейінің астында кем дегенде бір «көк шолағы» болған. Қойшысы қой торысын мінді. Осы ат-көліктің арқасында Алаш баласы Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасын жалғады. Алып аумаққа иелік етті. Жұбан ақын осының барлығын жоғарыда аталған жырларларына арқау етіп, оқырманына қанат бітіріп, көңілін бір серпілтіп, өткеннің салтанатты ұлы көшін көз алдыға әкеліп, ұлттық рухты көтеріп, салт-санамызды қайта жаңғыртуға күш салған.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Жұбан Молдағалиев поэзиясы – қазақ халқының ұлттық болмысын, рухани байлығын, тарихи жадын тереңнен толғайтын, елдік пен ерлікті дәріптейтін ұлттық құндылықтар қазынасы. Әсіресе, ақынның 1960-90 жылдардағы шығармалары арқылы ұлттық тіл, ұлттық салт-дәстүр, туған жерге деген сүйіспеншілік, азаттық рухы мен ұлттың өткенін ұлықтау сынды қасиетті ұғымдар жыр өзегіне айналып, көркемдік тұрғыдан биік дейгейде бейнеленеді. Оның өлеңдерінде халықтық сана, ұлттың үні, елдің тағдыры айқын көрініс тауып, оқырманын рухани тазалық пен отансүйгіштікке үндейді. Жұбан Молдағалиев поэзиясы – ұлт руханиятының мәйегі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын баға жетпес мұра.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

А.Ә. Маликова 1960-1990 жылдардағы Ж.Молдағалиевтің шығармалары зерделеніп, жалпы концепциясы жасалып, ғылыми талдау нәтижесінде оның поэзиядағы үлесінде ұлттық құндылықтарды айқындау барысында теориялық негіз қалаған. Ұлт идеясы және тарихи тағлымды зерттеуде поэзияның идеологиялық-эстетикалық мағынасын ашып көрсеткен.

Т.Қ. Омар мақалада Ж.Молдағалиев поэзиясындағы стильдік ерекшеліктерімен поэтикалық құрылымдарына тоқталып нақты мысалдармен біркелкі түрде ашып көрсетіп айқындай алған.

Д.Н. Байғұтова Ж.Молдағалиев өлеңдеріндегі ұлттық рухани құндылықтарды бүгінгі мәдениет контекстінде зерделеп, ондағы символдық бейнелер мен троптардың ұлттық нақышпен байланысты өрнектелуін талдауға мән берген.

Әдебиеттер тізімі:

Ахметов, З. (1973). *Өлең сөздің теориясы*. Алматы: Мектеп.

Ақсауыт. Батырлар жыры. (1977). *Екі томдық* (Т. 1). Алматы: Жазушы.

Базарбаев, М. (1995). *Казахская поэзия: художественное искание*. Алматы.

Ералыұлы, Е. (1996, 15 сәуір). Алматы ақшамы.

Қирабаев, С. (1998). *Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері*. Алматы: Ғылым.

Алпысбаев Т. (құраст.) (1988). *Қазақ халық әдебиеті: көп томдық*. Алматы: Жазушы

Жұмабаев Ә. (құраст.) (2010). *Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген*. Жұбан Молдағалиев туралы естеліктер. Алматы: Білім.

Молдағалиев, Ж. (2013). *Шығармалары: Өлеңдер* (I том). Алматы: Алатау.

Садықова, А., & Қабдырашева, Б. (2018). І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы*, 122(1), 125–131. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-122-1-125-131>

Секей, Ж., & Аманғазықызы, М. (2022). Жұбан Молдағалиев поэзиясындағы азаматтық сарын. *Абылайхан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ хабаршысы. Филология сериясы*, 1(64), 301–313.

Тәжібаев, Ә. (1982). *Өмір және поэзия*. Алматы: Жазушы.

Ahmad, S., Saleem, T. Construction Approach to Semantic Prosody of the Verb study: A Corpus-based Study. *Corpus Pragmatics* 10, 5 (2026). <https://doi.org/10.1007/s41701-025-00215-3>

А.А. Маликова^{1*}, Т.К. Омар², Д.Н. Байғұтова³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

^{2,3}Южно-Казахстанский педагогический университет имени Озбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан

Национальные ценности в поэзии Жубана Молдағалиева

Аннотация. Научная статья посвящена произведениям выдающегося казахского поэта Жубана Молдағалиева, созданным с 1960 по 1990 годы, в которых отражаются национальные ценности. На основе убедительных аргументов рассматриваются присущие казахскому народу характер, менталитет и духовные особенности, то есть основы национальных ценностей, раскрытые посредством тропов и выразительных средств языка. Речь идет о том, что поэзия поэта делится на тематико-жанровые формы, такие, как политико-социальная лирика, философская лирика, гражданская лирика, природная и любовная лирика, которые иногда даже переплетаются между собой и находят свое отражение в рамках одного и того же произведения. В статье также подчёркивается, что поэзия поэта периода 1960–1990 годов по сравнению с более ранним творчеством обогатилась в отношении образности речи и выразительности языка, его поэтическое видение приобрело большую глубину, особенно в аспекте осмысления национальных ценностей, а индивидуальный стиль и творческие изыскания стали более ярко выраженными. В произведениях Жубана Молдағалиева ярко выражены такие национальные ценности, как патриотизм, уважение к родной земле и родине, почитание обычаев и традиций предков, родственные узы и братская сплочённость, верность и честность, гостеприимство, почтение к родителям, женщине, сестре, старшим и младшим. В ходе статьи раскрывается гражданская позиция поэта и его индивидуальное «Я», а также особенности его лирического героя, при этом прочитываются черты его внутреннего облика и духовного мира.

Ключевые слова: национальные ценности, поэзия, традиции, историческое сознание, героический образ, художественные приемы, национальный характер.

A.A. Malikova^{1*}, T.K. Omar², D.N. Baigutova³

¹Kazakh National University im. Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

^{2,3} South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

National values in Zhuban Moldagaliev's poetry

Abstract. The scientific article is devoted to the works of the outstanding poet of Kazakh poetry Zhuban Moldagaliev from 1960 to 1990 and reflects national values in them. On the basis

of convincing arguments, the character, mentality and spiritual characteristics inherent in our people are considered, that is, the foundations of national values revealed through the tropes and expressive means of language. The point is that the poet's poetry is divided into thematic and genre forms, such as political and social lyrics, philosophical lyrics, civic lyrics, nature and love lyrics, and sometimes even intertwines with each other and is reflected in the same work. The study also highlights that Moldagaliyev's poetry from 1960 to 1990 became richer in terms of linguistic expression and artistic style, while his ideas grew more profound. Works by Zhuban Moldagaliyev as one can clearly observe the manifestation of national values such as patriotism, respect for the homeland and native land, glorification of ancestral customs and traditions, strong familial bonds and brotherhood, honesty, hospitality, reverence for parents, women, younger sisters, and elders. Throughout the article, the poet's civic identity, his unique sense of self ("Men"), and the character of his lyrical persona are clearly revealed.

Keywords: national values, poetry, traditions, historical consciousness, heroic image, artistic techniques, national character

References

- Akhmetov, Z. (1973). *Olen sozdin teoriyasy* [Theory of Poetic Language]. Almaty: Mektep.
- Aqsauyt. Batyrlar jry. (1977). *Eki tomdyk* (T. 1). [Aqsauyt. Heroic Epics. Two-volume edition (Vol. 1)] Almaty: Zhazushy.
- Bazarbaev, M. (1995). *Kazakhskaya poeziya: khudozhestvennoe iskanie* [Kazakh Poetry: Artistic Quest]. Almaty.
- Eralyuly, E. (1996, April 15). Almaty aqshamy [Almaty Evening].
- Kirabaev, S. (1998). *Kazak adebieti tarikhynyn maseleleri* [Issues of the History of Kazakh Literature]. Almaty: Gylym.
- Alpysbaev, T. (Comp.). (1988). *Kazak khalyk adebieti: kop tomdyq*. [Kazakh Folk Literature: A Multivolume Edition] Almaty: Zhazushy.
- Zhumabaev, A. (Comp.). (2010). *Men – kazakpyn myn olib, myn tirilgen. Zhuban Moldagaliev turaly estelikter*. [I Am Kazakh: Dying a Thousand Times, Reviving a Thousand Times. Memoirs about Zhuban Moldagaliev]. Almaty: Bilim.
- Moldagaliev, Zh. (2013). *Shygarmalary: Olender (I tom)* [Collected Works: Poems (Vol. 1)]. Almaty: Alatau.
- Sadykova A., & Kabdyrasheva B. (2018). The image of historical personalities in the creative work of I. Esenberlin. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series*, 122(1), 125–131. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-122-1-125-131>
- Sekei, Zh., & Amangazykyzy, M. (2022). Zhuban Moldagaliev poeziyasindagy azamattyk saryn [Civic Motifs in the Poetry of Zhuban Moldagaliev]. *Journal Bulletin. Series: Philological Sciences. Filologiya seriyasy*, 1(64), 301–313.
- Tazhibayev, A. (1982). *Omira zhane poeziya* [Life and Poetry]. Almaty: Zhazushy.
- Ahmad, S., Saleem, T. Construction Approach to Semantic Prosody of the Verb *study*: A Corpus-based Study. *Corpus Pragmatics* 10, 5 (2026). <https://doi.org/10.1007/s41701-025-00215-3>

Авторлар туралы мәлімет

Маликова Ақерке Әділханқызы – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: akjaiyk_91@mail.ru, ORCID: 0009-0003-0552-7653

Омар Тоғатай Қалтайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: togatai@mail.ru. ORCID: 0000-0002-5526-6434

Байғұтова Динара Нышановна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: dinar_1378@mail.ru ORCID: 0009-0002-2001-818X

Маликова Акерке Адильхановна – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: akjaiyk_91@mail.ru, ORCID: 0009-0003-0552-7653.

Омар Тоғатай Калтаевич – кандидат филологических наук, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Озбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан. E-mail: togatai@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5526-6434

Байғұтова Динара Нышановна – кандидат филологических наук, доцент, заведующий кафедрой казахского языка и литературы, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан. E-mail: dinar_1378@mail.ru, ORCID: 0009-0002-2001-818X

Malikova Adilkhanovna Akerke – corresponding author, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: akjaiyk_91@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0552-7653>

Omar Togatay Kaltayulu – Candidate of philological sciences, South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov. Kazakhstan, Shymkent. E-mail: togatai@mail.ru. ORCID: 0000-0002-5526-6434

Dinara Nyshanovna Baigutova – Candidate of Philology, Associate Professor, Head of the Department of Kazakh Language and Literature at the O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent. E-mail: dinar_1378@mail.ru ORCID: 0009-0002-2001-818X



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).